

## "Рухани жаңғыру - қазіргі кезеңдегі Қазақстан дамуының маңызды бағыты"

*«Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдептерден арылу дегенді білдіреді».*

*Н. Назарбаев*

2021 жылғы 12 сәуірде М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің "Рухани жаңғыру" әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты «Абайтану» ғылыми-әдістемелік орталығында "Рухани жаңғыру" бағдарламасының төрт жылдығына арналған "Рухани жаңғыру-қазіргі кезеңдегі Қазақстан дамуының маңызды бағыты" тақырыбында ғылыми – тәжірибелік семинар өткізді. Конференция барысында баяндамалар тыңдалды. Сонымен қатар, Г.Б.Ахметжанова, З.С.Тайшыбай. Алаш көсемдерінің өсиет-өнегесі:оқу құралы және Ж.С. Кулибекова,Б.Б.Тагудретова. XIX ғасыр әдебиеті және Абай: дәрістер курсы кітаптарының тұсаукесері өтті. Кітапхана қызметкерлері шараға арналған кітап көрмесін ұйымдастырды.

